



Қазақстан Республикасының
ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ

МӘДЕНИ МҰРА

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

№6 (57) ҚАРАША – ЖЕЛТОҚСАН / 2014



МАЗМҰНЫ

Ж. Бейсенбайұлы,
Бас редактор

Кеңес мүшелері

А. Мұхамедиұлы,
ҚР Мәдениет және спорт министрі

Д. Мыңбай,
ҚР Ұлттық музейінің директоры

Б. Көмеков,
ҰҒА академигі, тарих
ғылымдарының докторы,
ЕҰУ профессоры

З. Самашев,
тарих ғылымдарының докторы,
Ә. Марғұлан атындағы
Археология институты Астана
филиалының бас ғылыми
қызметкері

Қ. Салғараұлы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты, жазушы-түрктанушы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университеті «Еуразия»
ҒЗО-ның жетекші маманы,
профессор.

Қ. Сартқожаұлы,
филология ғылымдарының
докторы, профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университеті Түрктану
және алтайтану ҒЗО директоры,
Түркияның Ататүрік атындағы
Тарих құрымының толық мүшесі.

Ж. Артықбаев,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор, этнограф.

Н. Назарбаев: Мемлекетіміздің тамыры көне тарихтан
бастау алады 2

Мәдени мұра: жобалар, құндылықтар, көрмелер, экспедициялар
Алдағы жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланады 4
Қазақ хандығының қысқаша шежіресі 4
Беғазы қорым-кешені ЮНЕСКО тізіміне ұсынылды 5
Ақтоғай маңынан қола және сақ дәуірлеріне қатысты
қабірлер табылды 6
100 томдық «Бабалар сөзі» ешбір елде жоқ ғажайып ұлттық мұра 6
Ұлттық музейде Эрмитаж апталығы өтеді 7
Шымкенттің жасы 2200-де 7

ТЕМІРҚАЗЫҚ: ежелден ұласқан ел мен жер тарихы

Т. Зәкенұлы. «Мәңгілік Ел» мұратының негізі –
көне сақ, ғұн, түрк мемлекеттілігі 8
Ж. Бейсенбайұлы. Хайона мен қаңлы сабақтаса ма? 18
Қ. Сартқожаұлы. «Мәңгі Ел» идеясының дүниетанымдық тарихи негізі
және бүгінгі Қазақстан 27
Ж. Артықбаев. Қимақ мемлекеті: Орта Ертіс өңірі деректері
бойынша 34
Т. Омарбеков. Алтын босағалы Жошы ұлысы 42
Б. Кәрібаев. Қазақ хандығы – қазақ халқының ұлттық сипаттағы
төл мемлекеті 50
Л. Тілегенова. Орта жүздегі қос хандық билік 56

ТАНЫМ

Ж. Таймагамбетов. Казахстан – один из древнейших очагов
древнейших культур палеолита в Евразии 60

ТҰЛҒА

Р. Қадысова. Е. Бекмаханов және елдік сана 67

МУЗЕЙ ӨМІРІ

М. Тәж-Мұрат. Музей көнеліктері. Тәржімелік тәжірибелер 70
А. Жұмашева. Отырар жәдігерлеріндегі өсімдік тектес
ою-өрнектер 77

БАБАЛАР МҰРАСЫ

Ш. Жалмаханов. Түрк рухы асқақтаған заманның заңғар
энциклопедиясы 82
З. Сураганова. Гостеприимство как дар 88
К. Исинова. Влияние кочевого образа жизни на развитие культуры
средневекового Казахстана 93

*Мұқабада: Күлтегін ұстынтасының көшірмесі. Орталық
Моңғолия. 732 жыл. Ұстынтастың сол жақ бетінің 8-ші жо-
лында «Өтүкен жынысында отырсаң Мәңгі ел тұтып отырар
ең» деген сөз жазылған. ҚР Ұлттық музейі.*



АЛТЫН БОСАҒАЛЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫ

ӨЗІНІҢ МҰРАГЕРІ – БОЛАШАҚ ҚАЗАҚ
ХАНДЫҒЫНЫҢ ОРНЫҒУЫНА БЕРІК НЕГІЗ ҚАЛАДЫ



Талас ОМАРБЕКОВ,
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның
Қазақстан тарихы кафедрасының
меңгерушісі, профессор*

Бүгінде қасиетті Ұлытау өңірінде тыныстап жатқан айбынды Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының есімімен аталатын ұлыстың қалыптасуы, өркендеуі және ыдырауы аса күрделі және айтарлықтай ауқымды тарих. Мұнда Жошының тұлғасы ерекше зерделене тұрса да бұл мемлекеттің этно-саяси негізін халық орнықтырды. Алшындардың қазіргі Батыс Қазақстан өңірінде ежелгі Сармат, Дай, Аорс, Алан, Қаңлы, Оғыз бірлестіктерінің ав-

тохтонды рулық қауымдастықтарының үстіне шығыстағы Байырқу конфедерациясынан шыққан оғыз-түркілердің бір бөлігінің, және қыпшақтармен ілесіп келген рулар мен тайпалардың қоныстанулары жаңа этно-әлеуметтік ынтымақтасуларға жол ашты. Десек те мынаны да ұмытуға болмас: олардың бір аймаққа тоғысып, ортақ туыстастыққа негізделген, бір қауымдастыққа ұмтылған этно-саяси әрекеттерін Жошы ұлысының (орыс жылнамаларындағы Алтын Орданың) құрылуы біршама жеделдеткен еді. Сондықтан да мемлекетіміздің тарихын әңгімелегенде Жошы ұлысын айналып кете алмаймыз.

Шыңғысханның Дешті Қыпшақ жеріне жорықтары барысында «Қыпшақ даласын» билеуге өзінің әбден лайық екендігін байқатқан Жошы әкесінің тапсырмасымен сол түркі жұрттары қоныстанған аумақта жаңа Жошы ұлысының іргесін қалауды жүзеге асырды. Жошы өзінің ордасын да солардың қалың ортасына, Ұлытау маңына орналастырды. Оның өз ұлдары Ежен мен Батының күшімен тұрғызылған кесенесінің де осы аймақта бой көтеруі де содан. Арқа төсін сүйікті атамекенге айналдырған Жошы осы өңірде ұлыс тізгінін қолына алып, бұрын жауласқан тайпалар арасында бейбіт те, мамыражай өмірді орнықтырды. Жошы ұлысы қазақ мемлекеттілігінің тарихындағы үлкен бетбұрыс кезең, бүгінгі тәуелсіз де айшықты Қазақстанға берік саяси бастау, алғашқы алтын соқпақ болды.